

алып жүруге қолайлы формат сәйкестендіргіш заманауи құралдар. Түсірілім барысы жалпы беттік сандық жүйеге көшіріліп, таратылым автоматты түрде жүзеге асады. Тележурналистиканың сапасын және халықтық көрілім деңгейін жоғарлату мақсатында Арнаулы жоғары тұнық арна және түсірілім сарайларында 12 ауыстырмалы сахналар жұмыс істейді.

#### **ССТV-дің арналары:**

- ССТV-1: Әмбебап арна;
- ССТV-2: Экономика арнасы;
- ССТV-3: Көркемөнер арнасы;
- ССТV-4: Қытай тіліндегі халықаралық арна;
- ССТV-5: Спорт арнасы (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2008 жылдың 30 қыркүйегіне дейін «Олимпиада арнасы» болып өзгерді);
- ССТV-6: Кино арнасы;
- ССТV-7: Әскери-ауылшаруашылық арнасы;
- ССТV-8: Телехикая арнасы;
- ССТV-9: Ағылшын тіліндегі халықаралық арна;
- ССТV-10: Ғылым арнасы;
- ССТV-11: Қытай ұлттық театр арнасы;
- ССТV-12: Қоғам және заң арнасы;
- ССТV-新闻: Жаңалықтар арнасы;
- ССТV-少儿: Балалар арнасы;
- ССТV-音乐: Музыкалық арна;
- ССТV-E: Испан тіліндегі халықаралық арна;
- ССТV-F: Француз тіліндегі халықаралық арна;
  - ССТV-العربية: Араб тіліндегі халықаралық арна;
  - ССТV-Русский: Орыс тіліндегі халықаралық арна.

**Журналистер қосыны.** Орталық телевизия станциясы бір топ жоғары сапалы тележурналистерді бір арнаға тоғыстырған, олар телестанцияның ең қымбат байлығы ретінде бағаланады. Олардың тарихи рекордтық еңбегі мемлекет деңгейінде марапат пен сенімге ие болған. Негізгі басқармада 2355 адам (олардың университет дәрежелісі 54%, ғылым кандидаттары 8%, профессорлар 1,9 %-ын құрайды), бас желіден тыс жұмыскерлер 5684 адам (ғылым кандидаттары 4%, магистранттар 41%, арнаулы маман иелері 55%).

Мұның сыртында, Орталық деректі фильм және жаңалықтар түсіру орталықтарында 469 адам, Пекин технологиялық кино жасау және оқу-ағарту орталығында 480 адам, Қытай телесериал жасау орталығында 289 адам және Қытай халықаралық бас серіктігінде 4388 адам жұмыс істейді. Орталық жасанды серік тарату орталығында 32 адам, Сандық телевизия ЖШС-ында 106 адам, Шаттық қытай музыка тобында 134 адам жұмыс атқарады.

Қытай орталық телевизия станциясында дәл қазіргі уақытта әр сала бойынша **жұмыс істейтін адам саны 14519** адамға жетеді.

**Экономикалық қуаты.** Орталық телевизия станциясының негізгі қаржы табу көзі – жарнама. Кейінгі жылдары қоғам өмірінің барлық саласынан жан-жақты ақпарат беріп, бұл бағытта жасампаздық саясатын ұстанып, бағдарламалар сапасын көтеріп, тележарнамалық кірісте бүкіл мемлекеттік кірістің 30% ұстап отыр. Сонымен бірге нарықтық бақылауды күшейтіп, бәсекелестікке қабілетті ұтымды жоспарларды алға қойып, жүзеге асырып келеді. Соның нәтижесінде 2004 жылдың 11 қарашасында жалпы кірісі 502 милл. 480 мың юань тұратын сауда-жарнама келісіміне қол жеткізіп, тарихтағы ең жоғарғы көрсекішке қол жеткізді.

Қытай тележурналистикасы тек Қытай Орталық телевизиясымен шектелмейді. Қытай еліндегі әрбір провинциялардың өзінде жергілікті телеарналар болады. Бұл жергілікті телевизиялық станциялар өз ішінен тағы да әрбір қажеттіліктерге сай түрлі арналарға

жіктеліп, керекті сұраныстарға сәйкес айрықша міндеттер жүктеліп, сантүрлі тарапта жұмыс жасайды. Мысалы, Қазақстанның шығысындағы Шин Жияң (新疆) провинциясын алып қарайтып болсақ, Үрімжі қаласындағы Шин Жияң телевизия станциясының (新疆电视台) өзінде 12 арна жұмыс істейді. Мұның екеуі қазақ тілінде (XJTV-3, XJTV-8 арналары), екеуі ұйғыр тілінде (XJTV-2, XJTV-5 арналары), ал қалғандары қытай тілінде таратылады. Өлкедегі сегіз арна өз бағдарламаларын бүкіл мемлекет көлеміне таратса, ал қалғаны 4-еуі тек сол жергілікті өлке үшін қызмет атқарады. Әр өлкедегі әрбір қалада қалалық телестанция жұмыс жасайды, бұл станция сол қала тұрғындары үшін бағдарлама таратады. Бұл жағдай Қытайдағы 26 провинцияға ортақ. Мемлекет көлемінде хабар тарататын телеарналардың қатарына әдетте ерекше дәрежелі қалалардағы телеарналар да кіреді. Мысалы, Бей Жинь ("北京电视台"), Шаң Хай ("上海卫视") сияқты қалалық телеорталықтар.

Қытай елінің орталық телевизиясының бүгінгі даму бағыттарын талдай отырып, тәуелсіз еліміздің тележурналистикасының қазіргі таңдағы шығармашылық және техникалық жаңарулардағы қадамдарымен көрші елдің тәжірибесін салыстыру мүмкін еместігіне көз жеткізесіз. Көрші елімізде де алғашқы телехабарлардың берілуі 1958 жылдан бастау алған, дегенмен олардың бұл бағытта кешенді жұмыстар атқарып, телеарнаны мемлекеттік идеологияны жүргізудің басты құралына айналдырып әрі озық үлгідегі заманауи техникалық құралдармен жабдықтауы үлгі алар тұс десек қателеспеспіз.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Қытай орталық телевизия станциясында дәл қазіргі уақытта **жұмыс істейтін адам саны 14519** адамға жетеді. Біздің көңілге түйгеніміз, көрші ел тележурналистикасының қарыштап дамып, көпшіліктің сұранысына ие болуының басты кілті - телеарна басшылығының әр кәсіби маманды қастерлеп қадірлейтіндігінде әрі журналистердің өз шығармашылық қабілеттерін толық түрде танытуға барлық мүмкіндіктердің (моральдық, техникалық) жасалуында жатса керек.

Тәуелсіз қазақ тележурналистикасы әлемдік тәжірибеден үлгі алып, өзіндік бет-бейнесін қалыптастырсын дегенде, осынау жоғарыда айтылған жайттарды көкейге түйе білсек. Ал журналистер ұлттық мүддеге қызмет етуді басты ұстаным ретінде алып, жалаң көшірмешілдікке иек артудың ғұмыры ұзақ емес екенін сезіне білсе дегенді айтқымыз келеді.

*Өзбекова Г.*

ф.ғ.к., доцент  
эл-Фараби ат. ҚазҰУ

## **МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

Тұтас бір ұрпақтың өмірбаянын өлеңмен жазып мың монографияға татитын шаруа тындырған ақын Мақатаев балалық шағы сол соғыс жылдары өткен, қиыншылықты көп көрсе де қайысып-майыспаған буынның ел қатарлы азамат болғанын мақтанышпен жазып, мадақтаған. Таусылмайтын тіршіліктің, жалғаса беретін өмірдің мәңгілік екендігін философиялық тұжырыммен сәтті түйіндеген ақын туындылары толып жатыр. Олардың бәрін талдап шықпақ түгілі, тізіп айтудың өзі мүмкін емес. Ақын мұрасының мол қомақты бір саласы бұл.

Мұқағали өлеңдерінің кереметтігі, құдіреттілігі – уақытпен үндестігінде. Заман мен адам, мына мазасыз мезгіл жайында терең ой толғап оның шындығын шырайын келтіре кестелеуінде өзіндік өрнекке ие. Оның құдіреттілігі – ойлылығында, халықтың көкейінде жүрген арман – сырларын ерекше, ел құлағына сіңімді, жүрегіне жаттала қалатын сара сөздермен бейнелеу шеберлігінде. Мақатаев қай өлеңінде, қай дастанында болсын ел алдында еркін сөйлеп, емірене еркелеп, тосылмай толғап, жан сырын жайып салуға жомарт ақын.